

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Б А С П А С Ө З – Х А Б А Р Л А М А С Ы

Алматы қаласы

2018 жыл 26 қаңтар

KASE ақпарат ашу және айқындылықты қамтамасыз ету мәселелері бойынша IFC дөңгелек үстелге қатысты

2018 жылдың 24 қаңтарында Лондонда (Ұлыбритания) өткен the International Finance Corporation (IFC) дөңгелек үстеліне KASE Басқармасының Төрағасы Алина Алдамберген және KASE Басқармасы Төрағасының орынбасары Наталья Хорошевская ақпарат ашу, айқындылықты қамтамасыз ету және экологиялық бағалау тәжірибесін тарату, әлеуметтік жауапкершілік және дамушы нарықта компаниялар үшін корпоративтік басқару (ESG өлшемдері) мәселелері бойынша қатысты. IFC дөңгелек үстелі UN Sustainable Stock Exchanges Initiative ("Тұрақты қор биржалары" Біріккен Ұлттар ұйымы бастамасы – SSE бастамасы) және Лондон қор биржасының (LSE Group) қолдауымен өтті.

Дөңгелек үстелде даму институттары, қор биржасы, қаржы реттеушілер мен инвесторлар ұйымдары өкілдері қатысты.

Дөңгелек үстел жұмысы барысында қатысушылар мәселелерді талқылады, сондай-ақ ақпаратты ашу тәжірибесін тарату саласындағы және ESG өлшемдеріне сәйкес компания өзінің қызметінің айқындылығын қамтамасыз ету тәжірибесімен алмасты. Қатысушылар Principles of Responsible Investment (жауапты инвестициялау қағидалары – PRI қағидалары) қолдану арқылы инвестициялық шешімдерді қабылдау кезінде ESG өлшемдеріне сәйкестігін есепке алу маңыздылығы ескерілді. Дөңгелек үстелге қатысушылар инвестициялық ортада PRI қағидаларын қолдау қажеттілігі туралы, сондай-ақ компаниялар, реттеушілер мен инвесторлар арасында PRI қағидаларын енгізуге қатысты пікірге қосылатынын айтты. PRI қағидаларын енгізудегі және ESG өлшемдері тәжірибесін қолданудағы қор биржасының ролі басты тақырыптардың бірі болып табылады. Ол тақырыпта Алина Алдамберген спикер ретінде KASE тәжірибесімен, сондай-ақ SSE бастамасы аясындағы KASE қызметі жөнінде әңгімеледі.

IFC өкілдері арнайы даму нарықтары үшін әзірленген, үздік тәжірибелерді қолданудағы тәжірибелік мысалдар мен халықаралық стандарттардан тұратын, компаниялардың шоғырландырылған есебі бойынша әдістемелік жетекшісінің тұсауын кесті.

KASE SSE бастамасына сәйкес, 2015 жылдың 24 қыркүйегінен бастап, KASE мүшелері мен листингтік компанияларға арнап ESG (ESG әдістемесі) өлшемдері бойынша есеп берушілікті құрастыру әдістемесін әзірлеп, енгізу міндеттемесін қабылдаған еді. 2016 жылдың 01 желтоқсанынан бастап, KASE ESG әзірленген әдістемесін енгізді. Қазіргі уақытта есептілікті құрау ESG әдістемесіне сәйкес листингтік компаниялар мен Биржа мүшелері үшін нұсқаулық ретінде пайдаланылуда. Листингтік компаниялар үшін ESG есептілігін құру бойынша міндетті талабын 2019–2020 жылдары енгізу көзделуде.

Қазақстан қор биржасы есептілік талаптарын талқылау бойынша арнайы мамандандырылған семинарлар мен кездесулерді өткізу арқылы ESG әдістемесін алға жылжытуды жоспарлап отыр. KASE IFC және тәуелсіз сарапшылармен ESG әдістемесіне толықтыруларды әзірлеуді жүзеге асыруда. ESG әдістемесінің жаңа нұсқасы ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында ұсынылады.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) қаржы нарығында қызмет атқаратын, Орта Азия аймағындағы жетекші және Қазақстандағы жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығы құралдары, шет елдік валюта, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар нарығындағы, халықаралық қаржы институттары, сондай-ақ туынды құралдар облигациялары үшін әмбебап сауда-саттық құралы болып табылады.

Акциялары Қазақстан қор биржасында сатылатын, компаниялардың қосынды нарықтық құны бүгінгі таңда 12,75 трлн теңгеге (\$37,67 млрд) бағаланады. Биржа айналымдағы корпоративтік

қарыз құны 8,67 трлн теңгені (\$25,62 млрд), мемлекеттік – 6,4 трлн теңгені (\$18,8 млрд) құрайды.

KASE Халықаралық федерациялар биржасының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржасы Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. KASE 2015 жылы БҰҰ "Қор нарығы тұрақты даму үшін" атты бастамасына қосылды. KASE ТМД елдерінің арасында бағалы қағаздармен сауда-саттық бойынша 2 орынға ие болды, сондай-ақ FEAS биржаларының акциялар нарығын қаржыландыру бойынша бестікке кірді.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz